

КҮН ТӘРТІБІ

**ВАКЦИНА
ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕНІ
КҮШЕЙТЕДІ**

2-бет

ДУБІР

**ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ
МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА**

3-бет

ӘРТАРАПТАН

**ҮШ ТІЛДІЛІК –
УАҚЫТ ДӘЛЕЛДЕГЕН
ҚАЖЕТТІЛІК**

4-бет

COVID-19

БРИФИНГ ЖАҢА ШЕКТЕУЛЕРГЕ АРНАЛДЫ

Премьер-министр Асқар Мамин коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында ведомстволық комиссияның кезекті отырысында еліміз бойынша сырттанушылық пен өлім-жітімнің 55%-ын құрайтын Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында және Атырау, Қарағанды облыстарында карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдаған болатын. Аталған шешім негізінде Қарағанды облысы бас санитариялық дәрігерінің қаулысы шығып, сол бойынша Жезқазған қаласындағы қатаңдатылған карантин шектеулерінің жүргізілу тәртібі түзілді. Осыған байланысты қала әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ пен тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Оңал БАЙҒОЖИНА БАҚ өкілдерімен кездесіп, брифинг өткізді.

Күрделі эпидемиологиялық ахуал Жезқазған қаласында да орын алуда. 15 шілдедегі мәлімет бойынша 262 азаматтан COVID-19 анықталған. Оның 143-і – жезқазғандық, 94-і – Сәтбаев қаласынан, ал қалған 25-і – басқа қалалардан. Ең өкініштісі – аталған індеттен маусым айында 3 адам қайтыс болса, шілденің он бесіне дейін тағы 9 адам көз жұмған. Бұл – ауру кәтері ұлғайып келе жатқанының тағы бір айғағы.



– Бүгінгі таңда қаламызда індет құрығына түскен 262 наукас ем алуда. Ауру санының күрт өсуіне байланысты 200 орынға шақталған инфекциялық стационар 320 орынға дейін қайта жабдықталды. Коронавирусқа шалдыққандарды емдейтін барлық медициналық орталық төсек-орындары көбейтілу үстінде. Нақты вирус жұқтырғандығы дәлелденгендерден бөлек 913 адам үй карантинінде жатыр. Олардың барлығы – COVID-19-ға шалдыққандармен байланыста болғандар.

▶▶2-бетте

МЕРЕЙТОЙҒА ТАРТУ



Мерекке Жезқазған мыс балқыту зауыты еңбеккерлерін құттықтап барған қала әкімінің орынбасары Ербол Құсайынов өз ісінің білгірі саналған сала мамандарына облыс әкімінің Құрмет грамоталарын табыстады.

Аталған марапатты еңшілегендер қатарында мыс балқыту зауытының бас инженері Эльмурат Абуов, тораптар мен подстанциялар цехының бөлім бастығы Николай Волошин, цехтың аға механигі Ақан Мұқаташев және өндіріске дайындық бөлімінің жүк тиегіші Бақытжан Сауғабеков бар.

Марапаттау шарасын одан әрі жалғастыратын «Қазакмыс Смэлтинг» ЖШС бас директоры

Шілде айының үшінші жексенбісі – металлургия кәсіби мерекесі. Қиын да күрделі, титімдей болсын қателік пен жаңсақтықты кешірмейтін аталған мамандықтың туын тіктеп, жаладан желбіреткен Жезқазған мыс балқытушыларының еңбектері қай кезде де мақтауға тұрарлық. Жалын арасында жегірін жаныған сала мамандарын төл мереке қарсаңында еңбектеріне лайық жезары марапаттарды қанжығаларына байлады.

Нұрахмет Нұриев барлық зауыт қызметкерлерін мерекемен құттықтап, ақжарма тілектер легін арнап, еңбекте оқ бойы оза шығып дараланғандарға «Еңбек даңқы» медальдарын табыстады. I дәрежелі «Еңбек даңқы» медалін цех балқытушысы Жандос Турабаев иеленді. Аға шебер Ибрагимхан Дүйсенбаев, балқыту учаскесінің бастығы Марат Жанділдинов, күкірт қышқылы цехының слесары Ардақ Жарасбаев, жылу және электрмен жабдықтау цехының слесарь-сантехнигі Нұрғұлтан Сарғызов, мыс электролиз цехының католизшісі Бахтияр Фазылов и заряд дайындау цехында электр жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша электр монтері Олег Эндеров II дәрежелі «Еңбек даңқы» медалдарымен марапатталды.

«Қазакмыс Холдингінің» атқарушы директоры Марат Әубәкіровтің Құрмет грамотасы мыс балқыту учаскесінің шебері Елдос Шаматовке, мыс тазартушы Ержан Қосыбаевқа, мыс электролиз цехының сулы ерітінділерінің электролизші Андрей Рассохинге, жылу-электр мыс электролизінің слесарь-жөндеушісі Ирина Кузминаға, жөн-

деу-құрылыс жұмыстары цехының бөлім бастығы Төлеубай Тұрсыновқа, бөлім меңгерушісі Зауре Әбуалиеваға, Автоматика және есептеу техникасы бөлімінің жетекші электронды инженері Петр Попковқа, металлургиялық қондырғыларды жөндеу үшін төсеу шеберханасының бригадирі Мейрам Молнакаждарға берілді.

Мол ізденіс пен тынымсыз тәжірибенің арқасында топ жарған еңбеккерлер үшін биылғы мереке айрықша әсер қалдырды. Себебі сала үздіктері мыс зауыттың 50 жылдық мерейтойына орай «Қазакмыс» корпорациясы сыйға тартқан темір тұлпарларды тізгендеді. «Қазакмыс Смэлтинг» директоры Нұрахмет Нұриев зауытта көп жылдан бері қажырлы еңбек етіп келе жатырған Қуатбек Мұқанғашов пен Рахат Жүкеновке, Өмірзақ Елубаев пен Тағат Ескеевке және Төлеуғай Ерубаев пен Алмат Тұрмановқа, Владимир Тихонов пен Мейіргали Жұмағелдиновке, Әлия Бекмағанбетова мен Олег Ериновичке, Лариса Чучман мен Демьян Пасечникке, сондай-ақ, Өмірғай Сазанбаевқа су жаңа көлікпен құттықтау табыс етті.



30 ТІРЛЕГІЗБЕ ЖЫЛДАМЫ ҚАЗАҚСТАН

KAZINFOРМ ХАЛЫҚ САНАҒЫ

2021 жылғы ұлттық халық санағының басты жаңалығы – заманауи сандық технологияның енгізілуі мен үдерістің автоматтандырылуы.

- Бірінші тәсіл – sanaq.gov.kz мамандандырылған сайтындағы интернет-сауалнама. Сайт 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 15 қазанына дейінгі мерзімде тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді.
- Екінші дәстүрлі тәсіл – үйлерді аралау, белгіленген мерзім аралығында онлайн-режимде санақтан өтпеген респонденттер арасында жүргізіледі.
- Интервьюерге сауалнама жүргізу үшін планшетке арналған мобильді қосымша жасалған. Үйлерді аралау 2021 жылдың 1-30 қазаны аралығында жүргізіледі.
- Санақ аясында мәліметтер жинау үшін сәйкестендіру ақпараты ретінде сұралған тұлғаның ЖСН-і қолданылады. Бұл мәліметтердің қайталануын болдырмайды.

Дереккөз: ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жезқазған тұрғындарының алаңсыз күн кешуі үшін барынша жақсарту жасауда. Сал мақсатпен қалаға бейне камераларын орнату жұмыстары кезек кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Биылдан бастап бұл жұмыс Қарағанды облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер және архивтер басқармасының жетекшілігімен атқарылады. Бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары мен олардың қызметін қадағалауға «Перспектива» ғылыми-өндірістік бірлестігі жауапты.

БЕЙНЕ КАМЕРАЛАР ОРНАТЫЛУДА



Бірлестік мамандарының қадағалауымен биыл көктем айларында орнатылған камералар түгелдей. Осы тұста орнатылған 191 бейнебақылау камерасы бүгінде толық жұмыс істеп тұр. Жыл соңына дейін тағы 92 камера орнату жоспарланған болатын. Олардың біраз бөлігі орнатылды. Қазіргі таңда қаладағы орталық көшелерде, жол кышыстарында, адамдар көп шоғырланатын орындарда 273 бейнебақылау камерасы бар. Тамыз айында жылдамдық өлшегіш функциясы бар тағы 10 камера іске қосылды.

Барлық бейнетүсіріміздер Жезқазған қаласы полиция басқармасының пультаға келіп түседі. Бейнекамералар тиімділігін дәлелдеп үлгерген. Ағымдағы жылдың басынан бастап бейнебақылау камераларының көмегімен 895 жол қауіпсіздігі ережелерін бұзу фактілері анықталыпты. Оның ішінде бағдаршамның тыйым салу сигналына өту оқиғасы бойынша 42, қарама-қарсы қозғалыс жолына шығу бойынша 21, қауіпсіздік белдігін пайдаланбағаны үшін 298, автомобильді басқару кезінде телефонды пайдаланғаны үшін 201, автокөліктен қысық тастағаны үшін 250-ден астам әкімшілік құқық бұзушылықтар тіркелген. Оған қоса көрсетілген кезеңде арнайы автомашинада орнатылған «Іkin patrol» бағдарламалық кешенінің көмегімен 300-ден астам жылдамдықты асырған жүргізушіге айыппұл салынды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Қыстың қамын жазда ойлап, дер кезінде тура әрі нақты шешім қабылдай білу – бітіспес даудың алдын алудың оңтайлы амалы. Осы мақсатта Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы ұйымдастырылып, бірқатар күрделі де өзекті мәселелер талқыға түсті. Күн тәртібінде қаралған алашқы мәселе – қаланы жезумен қамту жайы.

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Алғашқы болып мінберге көтерілген Жезқазған қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Аслан Арынов 2021-2022 жылдардағы жылу маусымына дайындық жұмыстарын пысықтады.

Оның айтуынша, биыл жылу, электр орталығына қарасты 7 қазандық пен 5 турбиналық қондырғыға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, № 10 жылу қазандығы жаңартылмақ.

– Қазіргі таңда №7, 8, 11 қазандықтарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. № 4 қазандықты жөндеу жұмыстары толық аяқталды. № 10 қазандықты 2022 жылдың желтоқсанына дейін толық ауыстырылатын болады. Аталған жұмыстарға биыл 3 млрд теңге қаржы бөлінді. Электрмен қамтамасыз ету бойынша да қиындық туындамайды. «Kazakhstan Distribution» мен Жезқазған электр тарату компаниясы бірлесіп отырып, электр желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Соның нәтижесінде бүгінге дейін 163,8 км электр желісі мен 76 қосалқы станция жөндеді. Биыл аталған жұмыстарға «Kazakhstan Distribution» 78,5 млн теңге бөлі. Бұл шығынмен салыстырғанда 27,5 млн-ға артық, – деген Аслан Арынов тұрғын үйлерден бөлек әлеуметтік мәдени-тұрмыстық нысандарды да қажетті жылумен қамтамасыз ету қолға алынғанын еске салды. Осы бағытта ағымдағы жылы білім беру саласы бойынша 37, денсаулық сақтау бойынша – 11, мәдениет саласындағы 12 және спорттық 4 нысанның жылу желілері жөндемек.

Жылы барысында Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдрахман Досанов қаланың батыс аймағында жаңадан тұрғызылған көпқабатты үйлерді қажетті жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігіне қатысты сауалын жолдады. Аталған сұрақ бойынша бұл үйлерде жылу жеткілізділігі туындағанын айтқан Аслан Арынов пен жылумен, сумен жабдықтау кәсіпор-

ның басшысы Ахметолла Мырзалевке қала әкімі Қайрат Әбсағдатов газ келетін күнді күтіп отыра бермей, мәселені шешудің тиімді жолын қарастыруға тапсырма берді.

Кеңесте қала әкімі 91, 92-ордамдарда жылу жылу температурасы тым төмен болғанын, соның салдарынан тұрғындар шағымды да артқанын еске салды. Олайша ол жауапты мамандарға екі орамдағы заңсыз жылу на-состарын орнатылған жер үйлердің санын анықтап, нақты шара қабылдау қажетін ескертті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе ауылшаруашылығын дамыту шаралары бойынша өрбіді. Бүгінгі таңда қалада 292 жеке шаруашылық қожалығы бар. Оның 281-і мал шаруашылығымен айналыса, 11-і аралас бағытта, яғни мал және өсімдік шаруашылығын қоспағандағы бар. Жыл басынан бері ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша жалпы сома 570,7 млн теңгеге қаржыны құрады. Бұл көрсеткіш биылғымен салыстырғанда 37 пайызға ұлғайшылық барын көрсетіп отыр.

Ауылшаруашылығы өнімдері бойынша төрт-үлкі мал, құс, ұн шығару, жеміс пен көкөніс өсіру жұмыстарына жеке-жеке тоқталған қала әкімінің орынбасары Ербол Құсайыновқа кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов ішкі өнім көлемін көбейту мақсатында жаңа идеяларды жүзеге асыратынына сенім білдіретінін жеткізіп, сенімге селкеу түсірмеуді сұрады.

Биылғы Ұлытау-Жезқазған аймағында дала өртертінге кең етек алғаны бәрімізге белгілі. Осы тұста мысты шаһарға қарасты 870 га жер қызыл жалын құшағында қалғанын, оның 800 га-сы Малшыбай аулына, қалғаны Талап пен Кенгір елді мекендеріне қарасты екенін хабарлар еткен қала әкімі жем-шөп ташпалығы туындамайтынын айтты. Дегенмен, Кенгір мен Теректі тұрғындары төрт-үлкі жем-шөппен қамтамасыз 90 пайыз ғана ете алғалы отыр. Аталған оқиықтың орын тоқтыру мақсатында қосымша көмек көздері көрсетілетін болады.

МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ КҮН

Ибраһим пайғамбар заманынан бастау алатын Құрбан айт мейрамы бүгінге дейін жалғасып, мұсылман жамғаты үшін де басты мерекеге айналды. Карантиндік шектеулерге сай биылғы Құрбан айт жылындағы бөлек сипатта тойланды. Республика бойынша онлайн және офлайн түрінде құрбандық шалынды.

Айт күні танертеннен қала сыртындағы қасапханаға барған Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы Нұрперзент Омаров бастаған бір топ азаматтар арасық өлі әруақтарға құран бағыштап, құрбандық малын шалды.

– Баршаңызды күллі мұсылман қауымы асыға күткен қасиетті, ұлық мереке Құрбан айт мейрамымен құттықтаймын! Осынау қасиетті мерекеге аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер мен мақтаулар айтамыз. Ислам діні сан ғасырдан бері еліміздің рухани тірегі болып келеді. Халқымыз асыл дініміздегі Жаратушы Иеміз белгілеп берген екі мейрамның ұлығы, айтулы мереке –

Құрбан айтқа айрықша дайындалып, көшілікпен ерекше қуанышпен қарсы алады. Бұл күн – кешірім мен түсіністіктің, мейірім мен махаббаттың күні. Айт – ағайын арасың жақындықтырып, адамзат баласын имандылыққа ұйытады. Бұл күндері барша мұсылман құрбан шалумен ғана емес, Ұлы Аллага ұнамды әрбір ізгі амалы арқылы Раббысының разылығына, рақымна жақындай түседі. Өйткені, араб тіліндегі «құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымдарды білдіреді, – деген бас имам барша жезқазғандықтарға ақ тілегін арнап, келесі айтқа бауырымыз бүтін, іргеміз берік қалыпта жетуді тіледі.



Беттің материалдарын дайындаған Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

САЙЛАУ-2021

САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ САҚТАЛАДЫ

Қарағандыда онлайн режимде азаматтардың сайлау құқықтарын сақтау мәселелері бойынша семинар-кеңес өткізілді. Бұл семинар алдағы ауыл әкімдері тікелей сайлауға байланысты ұйымдастырылды. Бұл туралы Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі хабарлады.



Кеңестің бастамашылары – облыстық сот пен өңірдің прокуратурасы. Бейне-байланысқа қала мен аудан әкімдері, судьялар мен прокурорлар, құқық қорғау органдарының өкілдері, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері қатысты.

– Сайлау туралы заңнама жетілдірілді. Азаматтар ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін өздері таңдауға мүмкіндік алды. Сот жүйесі бұл өзгерістерге уақытылы жауап берді. 1 шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодекстің күшіне енді, – деп атап өтті облыстық соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мұрат Туғанбаев.

Онлайн-кездесуде «Сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңының негізгі ережелері, сондай-ақ, сайлау құқықтарын қорғау туралы істерді қараудың ерекшеліктері түсіндірілді. Сайлау комиссияларының сайлауды өткізуге дайындығы туралы облыс әкімі аппаратының басшысы Даулат Ешкеев баяндады. Қарағанды облысында ауыл әкімдерінің алғашқы тікелей сайлауы 25 шілдеде, 149 елді-мекенде өтеді. 75 ауыл әкімі сайланады. 268 кандидат тіркелген. 81 мыңнан астам сайлаушы дауыс береді. Сайлауды өткізуге 164 сайлау комиссиясы – 15 аумақтық және 149 учаскелік комиссия жұмылдырылады.

«Saryarqa-ақпарат»

Ерлан ҚАРИН:

ӘКІМ САЙЛАУЫ БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТАРҒА ҚОСЫМША МҮМКІНДІКТЕР ТУҒЫЗДЫ



Аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдардың әкімдерін сайлауға 2297 үміткер тіркелді.

«14 шілдеде аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу аяқталды. Республика бойынша сайлауға қатысу үшін жалпы 2582 адам өз кандидатурасын ұсынды, оның 2297-сі немесе 88,9% қажетті тіркеуден өтті. Саяси партия кандидаттары – 878 адам (38,2%)», – деп жазды ҚР Президентінің көмекшісі Ерлан ҚАРИН Telegram желісіндегі парақшасында.

Президент көмекшісі еліміздің барлық 6 саяси партиясы ауыл әкімдігіне өз кандидаттарын ұсынғанын атап өтті.

Сондай-ақ, үміткерлердің көпшілігі, тіркелгендердің 1419-ы немесе 61,8%-ы – өзін-өзі ұсынғандар.

«Яғни, жаңа нормалар белсенді азаматтар үшін өз әлеуетін іске асыруға қосымша мүмкіндік берді. Мұның бәрі Президенттің саяси реформалардың қоғамда үлкен қызығушылық тудырғанын көрсетеді», – дейді Ерлан Қарин.

Еске сала кетсек, 25 шілдеде еліміз бойынша 730 елді-мекеннің әкімі тікелей сайлау арқылы анықталады.

Ел тарихында әкімдер сайлауы алғаш рет 14 ғасырда бірдей өткені тұр. 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында тапсырма берілген болатын.

«Saryarqa-ақпарат»

ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

Ауыл әкімдерін сайлау – ел өміріндегі маңызды оқиғаның бірі. Ол сол қызметке келген әрбір азаматтан демократияны, ашықтықты, жауапкершілікті талап етеді. Саяси ғылымдар кандидаты Сәулет САХИЕВ осындай пікір білдірді, – деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Елімізде бүгінге дейін көптеген саяси маңызды іс-шаралар атқарылды. Ауыл әкімдерін сайлау сол іргелі істердің лайықты жалғасы іспеттес. Жергілікті халықтың өзін-өзі басқару үрдісіне оң ықпалын тигізетін ауқымды жұмыс алдағы уақытта үлкен пайдасын тигізеді деген ойдымын. Елімізде тұрақты халықтың 40 пайыздан астамы ауылдық жерді мекен етеді. Бұл көрсеткіш Қызылорда облысында 50 пайыздан асады. Осыған орай ауыл әкімдерін сайлау маңызды оқиға деп атап өтсек те артық емес. Соған көз жүгірте отырып аталған саяси шараның азаматтар мен мемлекеттің, билік пен қоғамның арасындағы қарым-қатынастың жаңа принциптерінің орнығуына ықпалы зор болмақ, – дейді С. Сахиев.

Оның айтуынша, жаңа реформаның қоғам өмірінде алатын орны зор. Қазір ауыл әкімдігіне арналған бюджет қарастырылған. Ол жергілікті жердегі кейбір түйткілдерді шешу мәселесіне өз септігін тигізін отыр.

Рас, бүгінде ауылдық жерлерде бірқатар проблемалар жүйелі шешіліп келеді. Еліміздің барлық өңірінде әлеуметтік сала бойынша мектеп, аурухана, клуб секілді әлеуметтік саладағы жаңа ғимараттар бой көтерді. Көптеген ауылдарға газ, су секілді қажеттіліктер тартылып, жарық мәселесі түбегейлі шешімін таба бастады. Ал қалған проблемалар бойынша қазір ауыл әкімдігінің құзырына берілген дербес бюджет арқылы шешуге толық негіз бар. Ендігі кезекте ауыл әкімі сайлау арқылы билік пен бұқараның арасы жақындап, елдегілер дербес бюджет арқылы ортақ шешімдер қабылдауға негіз қалайды, – деген пікірде ғалым.

Әрине, ауыл әкімін сайлау тұсында жұртшылық таныстыққа, рұшындыққа, ағайындыққа салынбауы тиіс. Халықтың таңдауы демократия үрдісінде жалғасуы қажет.

Сайлауға түскен әрбір азаматтың іскерлігі, белсенділігі, жауапкершілігі басты орында болғаны талап етіледі. Бұл әрбір ауылдың заманға сай дамуына



негіз қалайды. Қысқасы, ендігі кезекте әкімдер жергілікті жердегі сумен жабдықтау, жолдарды күтіп ұстау, абаттандыру сынды мәселелерге өз деңгейінде көңіл бөледі. Осындай өмірлік маңызды бар мәселелерді шешу олардың беделі мен абыройын көтереді. Олардың жауапкершілігі артып, ауыл тұрмысын жақсартуға деген ынтығасы оянады, – деп атап өтті С. Сахиев.

Талап селосының әкіміне үміткер Нұрбек Жұманазарұлы ШӨМІЛДІН сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

Нұрбек Жұманазарұлы ШӨМІЛДІН 1984 жылы 22 маусымда Қарағанды облысының Жезқазған қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары.

Қазіргі уақытта Жезқазған қаласында «Жезқазған жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-де сектор менгерушісі болып қызмет атқарады.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Нұрбек Жұманазарұлы Шөмілдін ауылдың әкімі лауазымына кандидат ретінде шешім қабылдай отырып, мемлекеттік қызмет өткеру кезінде жинақталған барлық білім мен тәжірибені ауыл мен оның тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге бағыттаптырмын.



Менің Талап ауылының әкімі ретінде ұсынылуымның басты мақсаты – ауылдан одан әрі дамуына өз үлесімді қосу және оның әрбір тұрғынының әл-ауқатын арттыру.

Менің сайлауалды бағдарламам келесі бағыттарда тұрады: – шағын және орта бизнесті дамыту; – Кәсіпкерлерді одан әрі дамыту мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде кредит беру тетіктерін жыл сайын пайдалануға, оның ішінде кемінде бір жобаны субсидиялауға және кемінде 1 грантты өтеусіз негізде беруге қол жеткізу.

Жыл сайын жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 2 мемлекеттік грант бөлуге, 5 қатысушыға микрокредит беруге, «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде шамамен 5 адамды кәсіпкерлік негіздеріне оқуға қол жеткізу.

Жұмысқа орналастыру жөнінде: Бұл үшін мен мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық қолдау шараларын пайдалана отырып, жыл сайын кемінде 20 жұмысқа тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға жәрдемдесетін боламын.

Ауыл халқының әлеуметтік әлсіз топтарына жап-жақты көмек көрсету; Халықтың әлеуметтік осал топтарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін жүйелі негізде жыл сайын демеушілік көмек көрсету бойынша іс-шаралар өткізу.

Цифрандыру шеңберінде қиын жағдайға тап болған отбасыларды анықтау және оларға әлеуметтік қолдау көрсету үшін «Е-халық»

тұрғын үй беру, жұмысқа орналастыру, кәсіпкерлікті дамыту, заңгерлік, психологиялық көмек көрсету бойынша консультанциялар; – бұқаралық спортты, тарихты және мәдени мұраны дамыту;

Алдағы жылдары денсаулықты нығайтуға, халықтың спортпен жаппай айналысуға тартуға ерекше назар аударылатын болады. Отбасының ролін арттыру және отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында түрлі акциялар, спорттық іс-шаралар өткізу;

Талап селосының көрнекті тұлғалары мұрасын таныпалы ету жөніндегі жобаларды іске асыру;

Ауылдық округтің көрнекті орындарына өлкетану экспедицияларын өткізу;

Менің сайлауалды бағдарламамның ең басым бағыттары мал шаруашылығын дамыту, ауылдық округті абаттандыру, қоғалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстар, таза ауыл сумен қамтамасыз ету, жолдардың сапасын арттыру екені дауысыз.

Құрметті сайлаушылар! Өз кандидатуралды ұсынудағы басты мақсат – ауылдың одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесімді қосуға ұмтылу және сол арқылы оның әрбір тұрғынының әл-ауқатын арттыру;

Сізді дұрыс таңдау жасауға және кандидатуралды қолдауға шақырамын. Біз ортақ мәселелерді тек күш біріктірген жағдайда ғана жеңе аламыз.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

Талап селосының әкіміне үміткер Гүлдерай Абдуқаскызы ҮСЕНОВАНЫҢ сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

1977 жылы 5 мамырда Қарағанды облысы Никольский (Сөтбаев) қаласында дүниеге келген. Қазақстан Республикасының азаматы. Білімі – жоғары.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауылдық округ әкімдігіне кандидат ретінде шешім қабылдай отырып, мен ауылда бар әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді салауға және мемлекеттік қызметке берілген кезеңде жинақтаған барлық дағдыларым мен білімімді жұмысқа қолдануға ниеттімін.



Менің сайлауалды бағдарламам осы ауылдық округтің тұрғындарының толғандыратын келесі мәселелерді шешуге асыруды қамтиды: – ауылдық округтегі экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық бүгінгі күні бар, бірақ одан әрі дамытуға талап етеді (нақты жағдайға жақын ауылдарда жаңа қызмет түрлерін ашу). Осылайша «Ауыл – Ел бесігі» жобасын жүзеге асыру; Жобаның негізгі мақсаты ауылдағы өмір сүру сапасын жақсарту, ауылдық аумақтардың әлеуметтік ортасын жаңғырту, оларды өңірлік стандарттарға дейін жеткізу болып табылады. Жалпы, жайлы өмір сүру ортасын құру. Сүт, ара шаруашылығы, бөдене, қаз және үйрек фермаларын таңдау үшін үй қояндарын өсіруге болады. Сүт және ет өнімдерін сату, қаладағы дүкендер мен базарлардың ассортиментін әртараптандыру;

– ауылдық округті абаттандыру, қоғалдандыру және санитарлық тазалық жөніндегі жұмыстарды жандандыру;

– кәсіпкерлік бастамаларды көтермелеу, ауылда шағын және орта бизнесті дамыту. Шаруа қожалықтарының мал басын көбейту, мал шаруашылығын дамыту және оны қайта өңдеу, мал сою цехын ашу;

– азаматтардың мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жұмысқа орналасуына және оқуына жәрдем көрсету. Ауылда жаңа жұмыс орындарының ашылуы. Бұл қазақ халқының ұлттық колөнерінің жандануына байланысты болуы мүмкін (жүн басу, кілем тоқу және тігу, былғары өңдеу және өрнектеу, Ұлттық киім мен аяқ киім тігу, жылқы өсіру және тағы басқалар). Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шеберханасының ашылуы. Қоғамдық монша, дүкен салу.

– қалаға дейін тұрақты жолаушылар кәсіпін қамтамасыз ету.

– ауылдық округ тұрғындарының салауатты өмір салты мен мәдени демалысын қолдау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

Талап селосының әкіміне үміткер Досым Есенұлы ҚҰЛТАСОВТЫҢ сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

Досым Есенұлы ҚҰЛТАСОВ 1974 жылы 4 қарашада Қарағанды облысының Жезқазған қаласы Ұлытау ауданы, Сарыкөңгір ауылында дүниеге келдім. 1977 жылдан бері Талап ауылының тұрғылығын тұрғынымын. Білімі – жоғары.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Өз кандидатуралды ұсынудағы басты мақсат – ауылдың одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесімді қосуға ұмтылу және сол арқылы оның әрбір тұрғынының әл-ауқатын арттыру.

Сізді дұрыс таңдау жасауға және кандидатуралды қолдауға шақырамын. Біз ортақ мәселелерді тек күш біріктірген жағдайда ғана жеңе аламыз.

Мен, Досым Есенұлы Құлтасов, Талап ауылының әкімі лауазымына кандидат ретінде шешім қабылдай отырып, мен өзімнің тұрғылықты тұратын ауылға өз үлесімді қосқым келеді. Өткеру кезінде жинақталған барлық білім мен тәжірибені ауыл мен оның тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге бағыттаптырмын.

Менің Талап ауылының әкімі ретінде ұсынылуымның басты мақсаты – ауылдың одан әрі дамуына өз үлесімді қосу және оның әрбір тұрғынының әл-ауқатын арттыру.

Менің сайлауалды бағдарламам келесі бағыттарда тұрады: – Құбырмен берілетін ауыз су қысымын қалпына келтіру мақсатында ауыл ішіндегі

– Мичурин көшесін жарықтандыру; – Талап ауылына тиесілі бос жатқан суармалы жерлерді жергілікті тұрғындардың игеруіне жағдай жасау немесе бүгінгі жерді жалданушылардың жергілікті халыққа жаңа жұмыс орындарын ашып игеруі. Бірінші кезекте суармалы су мәселесін толыққанды зерттеп, шешімін табу; – Ауылға қажетті инфрақұрылымдар – жеке орналасқан бір министрлік ашу және сұраныс пен тиімділікті ескере отырып монша қызметін ашуды қарастыру; – Дәрігерлік пунктін кеңейтіп, келушілерге күндізгі стационар орнын ашу; – Ауылдың мәдени, спорт, халық өнері саласы дамуына тиісті көңіл бөліп, жағдай жасау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді



тында ауыл ішіндегі су құбырларын қажеттілік бойынша жаңарту; – Мичурин, Дүйсенбек көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу; – Орталық Сейфуллин, Молодежный көшелеріндегі үйлерді бір рендегі шарбақтармен қоршап, жасыл желектерді көбейту, абаттандыру.

ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕ ДАУЫС БЕРУ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек онлайн режимінде ауыл әкімдерінің алашқы тікелей сайлауын өткізуге дайындығы туралы кеңес өткізді.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ерқара Аймағамбетовтың айтуынша, барлық ұйымдастыру мәселелері жергілікті әкімдіктермен бірлесіп шешілді. Сайлаушылар тізімін нақтылау жалғасуда. 22 шілдеден бастап бюллетендерді даусу беру орындарына жеткізілетін болады. Сайлау санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып өтеді. – Шарттардың бірі – сайлау комиссияларының мүшелерін КВИ-ге қарсы вакцинациялау. Бүгінгі күні вакцинациялауға жататындардың 72%-ы толық егілді. Қалғандары вакцинацияның бірінші компонентін алды, – деді облыстың бас санитарлық дәрігері Юрий Залыгин. Сайлау учаскелерінде болатын бақылаушылар мен сенім білдірушілер үш күннен кешіктірмей алынған ПТР тестінің теріс нәтижесін ұсынуы керек. Сайлау учаскелерінде Ashyq жүйесін пайдалану мүмкіндігі қарастырылуда.

Сонымен қатар, барлық сайлау учаскелері жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі: антисептиктер, бір рет қолданылатын маскалар және қолғаптар. Кіреберістегі температураны өлшеу және әлеуметтік қашықтықты сақтау міндетті. Тәуекелді азайту үшін дауыс беру стелдері алдыңғы перделерсіз болады. Жеңіс Қасымбек санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды толық қамтамасыз етуді, учаскелердің материалдық-техникалық жабдықтауын және мүмкіндігі шектеулі адамдарға жағдай жасауды қайта тексеруді тапсырды. – Ауыл әкімдерінің алғашқы

тікелей сайлауына бірнеше күн қалды. Біздің ортақ жұмысымыз – олардың ашықтығын, айқындығы мен заңдылығын қамтамасыз ету. Өр дауыс маңызды. Ауыл тұрғындары келіп, өз таңдауын жасап, өздерінің конституциялық сайлау құқығын іске асыра алуы қажет, – деп атап өтті облыс әкімі. Естеріңізге сала кетейік, Қарағанды облысында ауыл әкімдерінің алғашқы сайлауы 25 шілдеде 149 елді-мекенде өтеді. 75 орынға 268 үміткер үміткер: 81 – саяси партиядан және 187 өзін-өзі ұсынған. Болашақ ауыл басшысына 81 мыңнан астам сайлаушы дауыс бере алады.

«Saryarqa-ақпарат»

Қасым СЕРКЕБАЙҰЛЫ

Жезқазған өңірінде білім беруді дамытуға зор үлес қосқан Қасым СЕРКЕБАЙҰЛЫ дүниеден озды.



Ол 1974-1983 жылдары Жезқазған гуманитарлық колледжін басқарған. Сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында сіңірген еңбегі өте мол. Өзінің көпжылдық мінсіз және адал қызметінде еңбегі бағаланып жоғары наградалармен, соның ішінде «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Адам қасиеттерінің арқасында лайықты абырой мен құрметке ие болды. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңында жүздеген білікті маман мен тәрбиелі ұрпақ қалдырған өнегелі отбасының иесі, ардақты әке, аяулы жар,

немерелерінің атасы Қасым Серкебайұлының жарқын бейнесі жалғыздан мәңгі сақталады. Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болып, нұры пейішті шалқығай. Жезқазған аймағының білім және ғылым қызметкерлерінің атынан және өз атынан өңірміздің белгілі де білгір азаматы Қасым Серкебайұлы СЕРКЕБАЕВ ағамыздың өмірден озуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Марат ҚОҢЫРБАЕВ, «Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты қаржы саласының ардагері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы

Рахымжан Жұмбаулы ЖҮМБАЕВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты марқұмын отбасына, туыс-туғандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

МЕРЕЙТОЙ



Сіздердің халық игілігі үшін жасап жатқан еңбектеріңіз орасан. Мыс балқыту ісі – кез келгеннің қолынан келе бермейтін, төзім мен шыдамдылықты талап ететін еңбек. Біздің зауыт та еңбек жолын енді бастаған жас мамандардан бөлек, жалпы жұмыс өтілі жүз жылдықты құрайтын әулет мүшелері де жұмыс істейді. Олар – өз істерін шын сүйетін, қиын болса да жұмыстарына шын берілген жандар. Осынау ерлікпен тең істі толықтай меңгеріп, еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып жатқан баршаңызды металлуртгер

МЫС ЗАУЫТЫНА – 50 ЖЫЛ

Мыс экспортында алдыңғы орындарды алқындаған ел экономикасында Жезқазған мысының орны аса айрықша, тым салмақты. Өндірісті өлкенің өзегіне айналған Жезқазған мыс балқыту зауытына биыл – 50 жыл. Жарты ғасырлық тарихты еңсерген түсті металлургия шаңырағы қызметкерлері биыл да кәсіби мерекені ерекше ыстық ықыласпен қарсы алды.

күні мерекесімен құттықтаймын. Істеріңіз жемісті, отбасыларыңыз аман болсын! – деген Жезқазған мыс балқыту зауытының директоры Ербол Адресов өз ісінің білгірі саналған сала мамандарына «Kazakhstan Holding» директорлар кеңесі төрағасының Алғыс хаты мен мерекелік медальдарын және арнайы сыйақысын табыс етті. Сонымен қатар шара барысында зауыт қызметкерлері «Kazakhstan Smelting» директорлар кеңесі төрағасының Құрмет грамоталары, «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы «Nur Otan» партиясы төрағасы бірінші орынбасарының Алғыс хаттарына және мерекелік медальдарға ие болды. «Ерлік галереясы» номинациясының иегері атанған мыс балқытушылар да арнайы сый-таралғыларды еншіледі.



Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

ОЙ ТАСТАДЫМ ОРТАҒА

ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ!..

3 маусым күні сағат 11.00-дер шамасында Алғабас ауданы барар жолда, бұрынғы әдетіміз бойынша Алашахан мазарының жанына тоқтап, аруақтарға бағыштап, құран оқыдық. Бұл – табиғи жайт. Осы жерден жылдына аз дегенде үш-төрт рет өтеміз. Осы тұста көңілге жақпайтын бір нәрсе – халықтың бейіт басындағы тәртіпсіздігі.

Осындай ұнамсыз көрініс осы жолғы сапарда да орын алды. Дінге қарсы кешегі кеңестік заманда да келушілер көліктерін қырдың бауырына қалдырып кететін. Осы арқылы тірілер өлілерге деген құрметін көрсететін. Ал қазір қалай? Адамдар көліктерін мазардың тап алдына қойып, өздері тарапегіне дейін шығып алған. Ашық-ашық киім киіп, құшақтасып, алаңсыз суретке түсіп маз.

Жастарға ұлт тарихы, ел есінде мәңгі қалуға лайық тарихи тұлғалар жайлы толығырақ мағлұмат беру мақсатында, олар жерленген орындарды көзбен көрсеткен дұрыс та шығар. Дегенмен, мазар ішіне қалай болса солай аяқ басып, оны ерсілі-қарсылы аралау жөн емес деп ойлаймын. Себебі, кісі жатқан қорым – музей емес. Ол жерде өлі адам жатыр. Екіншіден, Алашахан сынды алып тұлғаның басына барып, ой-қастай басып, ойран салу тіптен ауыр күнә. Өйткені ол жерде екінің бірі емес, қазақтың ханын сүйегі жатыр.

Біз дамыған, озық елдердің қатарына қосыламыз деп кеуде соғамыз, бірақ қарапайым дүниелерді естен шығарып аламыз. Осындай аса қатты назар аудармайтын жайттардың астында ұрпақ үшін, ұлт үшін маңызды мән-мазмұнға ие істер бар.

Не десек те, о дүниелік болған жандарға бұл дүние тұрғындарының заны жүрмейді. Менің ойымша, кім болса ол бол, мейлі, аруақтарды мазалауға ешкімнің, ешқашан да хақысы жоқ.

Әлгіңде дамыған елдер жайлы сөз бастадым ғой. Сол дамыған мемлекеттердің қай-қайсысы болмасын ешкімді зират басына апарып, қыдыртпайды. Осы жасыма дейін ондайды көрген де, естіген де емеспін. Мына көрші жатқан Ресейге қараңызшы. Оларда храмға да, церковьке барғанда да жабық киініп, бастарына орамалдарын тағып барады. Ал бізде ше? Мазардың, моланың басына барғанда дәретін алып, жаулығын тағып, жабық киініп бару – біздің де ғұрпымызда болған.

Тек соның жойылып бара жатқаны тым өкінішті. Аруақтарды сыйлаудан қалып бара жатқанымыздың дәлелі – сол Алашахан мазары басындағы өзім көрген шаштары алба-жұлба болып, жалаң аяқ тәпшікмен аралап жүрген жастардың әрекеті.

Біз «Рухани жаңғыру» деген сөзді аузымызға жиі алатын заманда өмір сүріп жатырмыз. Десе де, ол сөздің шын мағынасына үңіле бермейміз. Менің пікірім – зират басына барып, экскурсия жасау дегенді қою керек.

Бізге, әсіресе, өз өңірімізде, діни мекемелер, осыған жауапты мемлекеттік мекемелер мен олардың басшылары дұрыс жұмыс істемейді. Мен, әрине, әрбір мазардың есігі алдына бір-бір күзетшіден қойындар деп емес деп ойлаймын. Себебі, кісі жатқан қорым – музей емес. Ол жерде өлі адам жатыр. Екіншіден, Алашахан сынды алып тұлғаның басына барып, ой-қастай басып, ойран салу тіптен ауыр күнә. Өйткені ол жерде екінің бірі емес, қазақтың ханын сүйегі жатыр.

Біз дамыған, озық елдердің қатарына қосыламыз деп кеуде соғамыз, бірақ қарапайым дүниелерді естен шығарып аламыз. Осындай аса қатты назар аудармайтын жайттардың астында ұрпақ үшін, ұлт үшін маңызды мән-мазмұнға ие істер бар.

Не десек те, о дүниелік болған жандарға бұл дүние тұрғындарының заны жүрмейді. Менің ойымша, кім болса ол бол, мейлі, аруақтарды мазалауға ешкімнің, ешқашан да хақысы жоқ.

Әлгіңде дамыған елдер жайлы сөз бастадым ғой. Сол дамыған мемлекеттердің қай-қайсысы болмасын ешкімді зират басына апарып, қыдыртпайды. Осы жасыма дейін ондайды көрген де, естіген де емеспін. Мына көрші жатқан Ресейге қараңызшы. Оларда храмға да, церковьке барғанда да жабық киініп, бастарына орамалдарын тағып барады. Ал бізде ше? Мазардың, моланың басына барғанда дәретін алып, жаулығын тағып, жабық киініп бару – біздің де ғұрпымызда болған.

МЕТАЛЛУРГИЯ ҮЗДІГІ

Металлургия кәсіби мерекесіне орай М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалының «Парасат жолы» орталығында «Қазақмыс» корпорациясының ардагері, «Еңбек ардагері» төсбелгісінің иегері, кітапхана оқырманы, ардагер металлург Сақыпжамал Көдейқызы Мамақовамен «Металлургия – құрметті мамандық» атты көзбесу кеші ұйымдастырылды.

Қарашаның Қарсақбайдың көкесі атанған Көдей Көдейқызы Мамақова тұлғаның қызы Сақыпжамал Көдейқызы балдәурен балалық шағы, жалынды жас кезін, өндірістегі еңбек жолын кеңінен тарқата әңгімеледі. 1969 жылы инженер-металлург мамандығын тәмамдап, жолдамамен Жезқазған кен-байыту компаниясына жұмысқа орналасқан ол 1971 жылға дейін жылдың төрт мезгілінде тоқтаусыз еңбек етеді. Осы жылдарда Сақыпжамал Көдейқызы еңбек жолын бақылаушы, одан шебер, аға шебер болып бастап, техникалық сапаны қадағалау бөлімінің бастығына дейін көтеріліп, табан аудармастан 25 жыл еңбек етті. 1971 жылы 23 ақпанда бірінші мыс вагоны Чехословакияға, Германияға, Польшаға Қытайға жіберілді. Бірінші сапа

сараптамасынан (сертификатынан) бастап 25 жыл бойы аталған сала өнімдері Сақыпжамал апаның қолы қойылған құжаттармен экспортқа шығарылып отырды. Осы еңбегінің арқасында 1996-2000 жылдары «Қазақмыс» корпорациясындағы сапа жөніндегі директордың орынбасары, 2000-2013 жылға дейін өндірістің жүрегі болып есептелетін техника бөлімінің жетекшісі болып жұмыс істеді. Абыройлы атымен 67 жасында 44 жыл еңбек өтілімен зейнеткерлікке шықты. Өмірі зор үлгіге толы ардагер металлургияның әңгімесін кітапхана оқырмандары ұйып тыңдап, жоғары бағасын берді.

Анар МАХМУТОВА, М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалының кітапханашысы

ҮШТІЛДІЛІК – УАҚЫТ ДӘЛЕЛДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК

Үштілділік. Үштілділік тілі. Осы ұғымдар төңірегінде бірталай әңгіме болды, қаншама жұмыс атқарылды, түрлі эксперимент жасалып, едәуір зерттеу жұмыстары да жүргізілді. Біреулер құптады. Біреулер қаралады. «Жыланның өзінде екі тіл болады», «Мемлекеттік тіл халықаралық тілдердің көлеміне қалып қояды» деушілер де табылды. Уақыт өте берді.

Елбасының «Біз алдағы уақытта осы алған бағытымыздан таймай әлемдік биіктерді бағындыра беретін боламыз. Сондай биік белестердің бірі – Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі. Ол мақсатқа жету үшін, ең алдымен, әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті болу керек» дей келе, қазақстандықтардың жана ұрпағы ең кем дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білу тиіс деген тапсырмасы түрткі болып, елімізде аталған бағытта ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс жасалды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдері мектепті қойып, балабақшадан оқытыла бастады. Үштілді білудің басымдықтары анық көрсетілді. Мемлекеттегі айтулы оқу орындары үш тілді білім беруге көшіп, қарапайым мектеп оқушылары үздік мектептерде білім алуды мақсат етті. Ақырында үш тілді білу, үшеуін де жетік меңгеру заман талабына айналды. Себебі заман – білімдікі, тізгіні – білімдікі. Осыны ұғынған ұрпақ тіл үйрену жолында еңбек етуде. Мұны түсінген ата-ана баласы-

ның қатарының алды, ортасының озаты болуын үш тілді қатар меңгеруімен тікелей байланыстырып, кішкентайынан қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуіне жағдай жасауда. Бүгінде «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген халық нақылшын маңызы артып, қоғамда білімге ұмтылған жастардың қатары өсіп келеді. Олар болашақ үшін білімнен асқан капитал жок екенін жақсы түсінеді. Сонымен қатар білім жолындағы бәсекелестікті де шынайы бағалай алады. Сондықтан да олар бір ғылымды игеріп, бір тілді меңгеруді, бір бағытта ғана дамулы қаламайды. Демек, Елбасының салналық саясатының, еліміздің даму бағдарының дұрыс екені дәлелденді. Тілді білген адамға ашылар мүмкіндіктер де көп. Бір тілді меңгерген адамның араласар ортасы, білім алу аймағы, оқитын кітабы жетіп артылады. Әлбетте, мемлекеттік тілде ғана білім алып, биіктерді бағындыруға болады. Өз елінде ғана. Ал басқа тілді, оның ішінде халықаралық тілдерді білу осы араласар ортаны, білім алу аймағын, оқитын кітабын бірнеше

Айжан МАЖИМОВА, «Тіганау» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы

Infographic titled 'НЕ СЕБЕПТІ ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАЖЕТ?' (Why is it necessary to vaccinate?). It lists reasons: 'Себебі бұл – коронавирусқа қарсы күресудің бірден-бір тиімді тәсілі' (Because this is the most effective way to fight COVID-19), 'Себебі бұл – иммунитетті көтерудің ең қауіпсіз тәсілі' (Because this is the safest way to boost immunity), and 'Өзіңді, жақындарыңды және екіп салынбайтын адамдарды жататын басқа адамдарды қорғау үшін' (To protect yourself, your loved ones, and other people you don't live with). It also mentions 'Коронавирустың таралуын және оның мутациясын тоқтату үшін' (To stop the spread of COVID-19 and its mutations). Source: kazinform, CORONA VIRUS 2020/21.

Infographic titled 'ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?' (How can you protect yourself?). It lists ways: 'ӨЗІҢІЗДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІҢІЗДІ ЖАРИЯ ЕТПЕҢІЗ.' (Publish your personal data.), 'ИНТЕРНЕТТЕ БАНКТІК СЕРВИСТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫРЫЛҒАН ТЕЛЕФОН НӨМІРІҢІЗДІ КӨРСЕТПЕҢІЗ.' (Show your phone number linked to banking services online.), 'НӨМІРІҢІЗ БЕН ҚАРТАҒЫДЫҢ ДЕРЕКТЕРІН БЕЙТАНЫС АДАМДАРҒА ХАБАРЛАМАҢЫЗ. Бұл АҚПАРАТТЫ ТҮРЛІ САУАЛНАМАЛАРДА НЕМЕСЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛЛЕРДЕ КӨРСЕТПЕҢІЗ.' (Don't share your data with strangers. This information is used in various surveys and social networks.), 'БҰЛ ТЕЛЕФОН НӨМІРІНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОЧТАНЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АМИЯНЫҢ АҚКАУНТАРЫН БАЙЛАНЫСТЫРМАҢЫЗ.' (Don't link your number to email, social media, or accounts.), 'МОБИЛЬДІ ТЕЛЕФОНҢЫЗДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ. САҚ БОЛҒЫҢЫЗДАР!' (Don't leave your mobile phone unattended. Stay safe!). Source: FinGramota.

Large infographic titled 'Тәуелсіздік жолнамасы' (Independence Manifesto) for 2015. It features a '30' logo and lists 30 points of commemoration for the 30th anniversary of Kazakhstan's independence. Points include: 'Халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің дәстүрлі аймақтық «Ұлытау үні» фестиваліне 25 жыл толды.' (25 years since the start of the 'Ulytau Vni' festival); 'XXV аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі аясында «Жүрекеті жазулар» атты ақын Нұрсұлтан Бәрісұлының еске алу кеші өтті.' (Commemoration of Nurusultan Barisuly's 'Zhetu' festival); 'Халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің дәстүрлі аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі аясында Аманжол Омаровтың «Өлеңім – бақытым» атты шығармашылық кеші өтті.' (Commemoration of Amanjol Omarov's festival); '«Отты жылдар әзілдері мен аңыздары» атты жинақ жарық көрді.' (Release of a collection of jokes and legends); 'Қазақ хандығының 550 жылдығы және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай республикалық айтқысқар ақындардың қатысуымен «Бабалар өңіреті» атты рухани кеш өтті.' (Spiritual evening for the 550th anniversary and 70th anniversary); '«Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы бойынша Байқоңыр көшесі 123 «А» мекенжайында орналасқан 5 қабатты үйдің кілті 50 жас отбасына табыс етілді.' (Key handover for the 'Accessible Housing' program); 'Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай бала жастан қондагерлер тұтқындары болған жандарға мерекелік медаль тапсырылды.' (Awarding of medals to war veterans); '2015 жылы 26 сәуірде Қазақстан Республикасының Президентінің кезектен тыс сайлауы өтті. Дауыс берушілердің 97,75 пайыз дауысымен Қазақстан Республикасының Президенті болып Н. Назарбаев сайланды.' (Election of N. Nazarbayev as President); 'С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына арналған салтанатты жинауды мерейтойлық медальдар табыс етілді.' (Awarding of medals at the S. Zhomakulov theater); 'Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығы қарсаңында ардагер-ұстаздар мерейтойлық медальдармен марапатталды.' (Awarding of medals to veterans); 'Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Жезқазған шахта-проходкалу трестінің тұңғыш басшысы, Қазақ КСР-інің Құрметті кенешісі, «Құрмет» орденінің иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Ғазиз Омаровтың туғанына 90 жылдық мерейтойына орай тұлғаның есімін иеленген көпшінің бойынша ескерткіші мұрағатталды.' (Commemoration of G. Omarov); 'Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығы қарсаңында Теректі ауылында Отан қорғауға атанған майдангерлерге арналған ескерткіш-тақта салтанатты түрде ашылды.' (Unveiling of a monument to veterans); 'Халықаралық отбасы күніне орай «Мерейлі отбасы-2015» отбасылық шығармашылық фестивалі өтті.' (Family festival); '31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында Жезқазған қаласының іргесінде орналасқан 1-ауыл «Строительный» поселкесінде саяси-қуғын сүргін құрбандары болған Латвия мемлекетінің азаматтарына ескерткіш белгі қойылды.' (Commemoration of Latvian citizens); 'Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында корнеткі ақын Серік Тұрғыбекулының «Кейкі батыр» атты пьесасы бойынша қойылған спектакльдің премьерасы болды.' (Premiere of 'Keyki Batur'); 'Маусым айында Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Жезқазған қаласы мемлекеттік мұрағатының ұйымдастыруымен Достүрлі «XIII Бүкірлер оқулары» аясында Қазақ хандығының 550 жыл толуына арналған «Қазақ хандығының куәсі – Ұлытау даласы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.' (Conference on the 550th anniversary); 'Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесінің бастамасымен Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына арналған «Жеңіс солдаттары» кітабы жарыққа шықты.' (Release of 'Victory Soldiers'); 'Тамыз айында Қазақ хандығының 550 жыл толу мерейтойына орай Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде Қазақ хандығының экспозициясы және «Бұланты шайқасы» диорамасы ашылды.' (Opening of exhibition and diorama); 'Әлия Назарбаеваның «Жандану әлемі» корынның ұйымдастыруымен «Bala Turkvizyon Қазақстан» атты ән байқауында жерлесіміз Тұрсынхан Еркін жеңіске жетіп, халықаралық ән байқауында Қазақ елінің намысын қорғамақ.' (Victory in singing competition); 'Қазан айында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Қазақстан халқы ассамблеясының бастамасымен ұйымдастырылған 11 құрықтесті Астана қаласынан бастау алған «Ұлы дала елі» республикалық тарихи-мәдени экспедициясы Жезқазған қаласына келіп жетті.' (Arrival of expedition); 'Қаламыздың білім бөлімдеріне арналған №8 қазақ гимназиясы 60 жылдығын сән-салтанатымен атап өтті.' (60th anniversary of school); 'Қазан айында Жезқазғандағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі КММ-сінің С. Сейфуллин атындағы кітапханасында Қаламгерлер клубы құрылды.' (Opening of writers club); 'Кенді өңірдің дамуы мен ондағы өндірістің қалыптасуын пайымдайтын «Жер сырты мен жан сырты» атты Сұлтан Сүтбайұлының кітабы жарық көрді.' (Release of book); '1995 жылы Қазақстан Республикасында тұңғыш ашылған жекеменшік отбасылық-дәрігерлік «Тильман» амбулаториясына 20 жыл болды.' (20th anniversary of clinic); 'Қаламгер Сара Смағұлдың 60 жасқа толуына орай С. Сейфуллин атындағы кітапханада «Жүрген жолым – өмірімнің өрнегі» атты шығармашылық кеші өтті.' (Evening for Sara Smagulova); 'Желтоқсан айында Т. Қаламғамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әнісіні, ҚР еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамеднің киелі сахнада жүргеніне 40 жыл толуына орай «Мамырлап қоныр қаздай баулаулағым» атты шығармашылық кеші өтті.' (Evening for Galym Mukhamed); 'Қараша айында Ұлтас-Айтос құбырарының 13 шақырымы күрделі жөндеуден өтті.' (Renovation of mausoleum); 'Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында С. Қожамқұлов атындағы музыкалы-драма театры жерлестеріне К.Өзбақманнның шығармасы жөнінде тарихи тұлғаның атымен аталған «Кетбұқа» тарихи драмасын ұсынды. Драманың режиссері – Т. Өзбақман.' (Theater production); 'Жастар арасындағы таэквандодан Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасының WTF чемпионатында жерлесіміз Әлібек Ермекевич алтын медаль иеленді.' (Gold medal at taekwondo); 'Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Ұлытау ауданының Байқоңыр ауылында «Бұланты шайқасы» ұстынының ашылуы болды.' (Opening of monument); 'Қантар айында ішкі саясат бөлімінің жанынан «Жезқазған қаласының профессорлық проблемаларын зерттеу және сараптау» орталығы КММ құрылды.' (Opening of research center); 'Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві' (State archive).

Footer containing contact information for 'SARYARQA gazeti redaksiyası' (Saryarqa newspaper editorial office) and 'Bank CentrKredit' (Bank CentrKredit). It lists the address: '100600, Жезқазған қаласы, I. Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@mail.ru whatsapp +7 708 420 19 88'. It also includes a QR code and a small logo.